

Өнер

«СӘЙГҮЛІК» БАРД КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Қазақ өнерінің кеңістігі тағы бір тағылымды бастамамен толықты. Ақтөбе қалалық мәдениет сарайының жанынан ашылған «Сәйгүлік» бард клубы өз жұмысын бастады.



Бұл клуб бард өнерін, яғни сырлы гитара мен шынайы поэзияның үнде-стігін жанына серік еткен өнерсүйер қауымның басын қосатын ортаға айналмақ. Бард клубқа республикалық байқаулардың лауреаты, әнші Қуан Жаңбырбаев жетекшілік етеді.

— Клубтың «Сәйгүлік» деп аталуы да тегін емес. Бұл — қазақ бард өнерінің заңғар биігіне айналған дара дарын иесі Табылды Досымовтың шығармашылығына көрсетілген биік тағзым. Клуб атауы сазгердің рухани мұрасына айналып, ел жүрегінен терең орын алған әйгілі «Сәйгүлік» шығармасының құрметіне беріліп отыр. Кез келген адамның жүрегінен тебіренетін бұл туынды сияқты жаңа құрылған клуб та ұлттық бард өнерінің сәйгүлігіне айналып, өнер кеңістігінде дара шабысымен дараланбақ.

Бүгінде «Сәйгүлік» бард клубының үйірмесін-

де жас өрендер гитарамен ән айтудың қыр-сырын үйреніп жүр. Қазір бард клубта 10-16 жас аралығындағы 15 бала бар. Олардың басым бөлігі бұған дейін гитара ұстап көрмегендіктен, алғашқы кезеңде аспапты меңгеруге және қарапайым әндерді орындау дағдысын қалыптастыруға басымдық беріліп отыр, — дейді Қ.Жаңбырбаев.

«Сәйгүлік» бард клубы — қазақ бард өнерін өскелең ұрпаққа насихаттап, ұлттық бард өнерінің алтын қорын сақтауды мақсат етеді. Клубтың көркемдік жетекшісі — Қуан Жаңбырбаев, музыкалық жетекшісі — Әсет Сейсенов. Алдағы уақытта мұнда тұрақты түрде музыкалық кештер, сырлы кездесулер мен танымдық шеберлік сағаттарын өткізу жоспарлануда. Қазір бард клубының мүшелері қазан айында өтетін концертке қызу дайындық үстінде.

Ақмарал МҰҚАШЕВА.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Aqshat SU» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Диабазды құрылыс тасын қайта өңдеу, қиыршық тас өнімдерін өндіру».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/> «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 18.08.2026 ж. — 17.09.2026 ж.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

90-71-55 aktobesmi@mail.ru

Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесі теміржол саласының ардагері

Самат Ахметұлы МУРЗАЛИННИҢ

қайтыс болуына байланысты ағасы, Ақтөбе қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ахат Ахметұлы Мурзалинге және марқұмның отбасына, балаларына және тума-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесі еңбек ардагері

Бақыт Жақиқызы Сабанованың

қайтыс болуына байланысты жұбайы, еңбек ардагері, мұғал-жар және көшім жылқысы тұқымдарының авторы Серікбай Сағитжанұлы Рзабаевқа және марқұмның балаларына, бауырларына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Өнімді және әмбебап бағытындағы жылқы тұқымдарының Республикалық Палатасы» ұжымы мұғалжар және көшім жылқысы тұқымдарының авторы Серікбай Сағитжанұлы Рзабаевқа жұбайы

Бақыт Жақиқызы САБАНОВАНЫҢ

өмірден өтуіне байланысты марқұмның отының басына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл білдіреді.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

24.09.2026 жылы сағат 11.00-де «QazCement Industries» ЖШС «Цемент зауытының құрылысы құрғақ әдіспен тәулігіне 3 500 тонна клинкер өндіру қуатымен Ақтөбе облысы, Байғанин ауданындағы цемент өндірісінің» жобасы бойынша кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Қоғамдық тыңдау ашық отырыс түрінде және онлайн қосылу мүмкіндігімен өткізіледі.

Zoom конференция сілтемесі:

<https://us05web.zoom.us/j/87601418256?pwd=v0wSG519sXRqbSq9KWc6pJ3Px7fa6.1>.

Конференция идентификациясы: 876 0141 8256.

Қосылу коды: 1234.

Өтетін орны: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қаруылкелді ауылы, Қонаев көшесі 36, аудан әкімдігінің ғимараты.

Қатысушылар жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін тіркеле алады.

Тұтынушы: «QazCement Industries» ЖШС, БСН 230140030894.

Занды мекенжайы: Астана қаласы, 010000, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 41-ғимарат, 209-кеңсе, Тел.: +7 (701) 817 73 30.

Әзірлеуші: «СЕВЭКОСФЕРА» ЖШС, БСН 070540003044, Петропавл қ-сы, Алтынсарин көшесі 168Б, 306 каб. Тел. 46-77-56.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: +7 (7132)55-09-30. E-mail: aktobe.uprrp@yandex.kz

Жоба бойынша құжаттама келесі ресурстарда орналастырылған:

<https://ndbecology.gov.kz>

www.gov.kz/memleket/entities/aktobe сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Қосымша мәліметті 87018177330 телефоны арқылы немесе a.naimanbayeva@iekz.kz электронды почтасы арқылы алуға болады.

Жоспарланған қызметтің географиялық координаттары:

1 нүкте: 48°52'44.2»N 56°08'56.7»E;

2 нүкте: 48°52'37.8»N 56°09'29.7»E;

3 нүкте: 48°53'09.1»N 56°09'35.9»E;

4 нүкте: 48°53'14.3»N 56°09'15.3»E

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: Байғанин ауданы — 48°41'53"N 55°52'47"E.

ЖАРНАМА 90-71-55

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, Ақтөбе облыстық ұйымының басшылығы қоғам мүшелері атынан дәрігер, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қобда аудандық ауруханасында, облыстық клиникалық балалар ауруханасында ұзақ жылдар абыройлы қызмет атқарған Бисенгазина Әлия Орынбасарқызына анасы

Базар Қалжігітқызының

дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, тума-туыстарына, жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы ММ, Ақтөбе «Qatqog» денсаулық сақтау кәсіподақ» қоғамдық бірлестігі, Ақтөбе облысы денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесі, Ақтөбе облыстық дәрігерлер мен провизорлар қауымдастығы қоғамдық бірлестігі, Ақтөбе облысы денсаулық сақтау саласының ардагері Әлия Орынбасарқызы Бисенгазинаның анасы

Базар Қалжігітқызының

дүниеден озуына байланысты отбасына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Ақтөбе

Меншік иесі:
«АКТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ ГАЗЕТ
Газет 1974 жылы
«Құрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70VPU00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы
Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА,
Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер

Кәмшат ҚОПАЕВА,
Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ

Тілшілер Индира ӨТЕМІС,
Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші

Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА,
Әсел НОГУМАНОВА

Теруші

Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректор

Ақберен БЕКБОЛАТҰЛЫ

Жазылу, тарату және жарнама бөлімі

8 (7132) 90-71-67, 8 (7132) 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар – Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Ә.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы,
Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 8 (7132) 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 9217 Тапсырыс №1275

Нөмірдің кезекші редакторы
Айдана Алтыбаева